



Бөкітемін
Мектеп директоры
Т.Н.Мырзакасымова

«№136 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ағылшын тілі пәні әдістемелік бірлестігінің

06.11.2023– 30.11.2023ж. күндері аралығында өтілетін ашық сабақтар жоспары.

Тақырыбы: «Welcome to the world of English»

Мақсаты: Оқушылардың білімге деген қызығушылығын ояту, тілге деген
қызығушылығын арттыру, іздену қабілетін арттыру, өзінің және өзге елдің мәдениетін
танып білуге үйрету және Отанын сүюге тәрбиелеу.

1	Discussing the differences between organic and non -organic foods	06.11.2023	09.05-09.50 I ауысым 2 сабақ	11 STEM	10 «Б»	Шыңдалы Ж
2	Organic and non organic world	06.11.2023	12.30-13.20 I ауысым 6 сабақ	11 STEM	10«Г»	Лесбаева Л.
3	Present Perfect and Past Simple	07.11.2023	10:55-11:40 I ауысым 4 сабақ	11 STEM	8 «Г»	Әлімхан Л.
4	People and Professions	07.11.2023	15:40-16:25 II ауысым 1сабақ	84 лингфон	5 «Г»	Абеданова Г.
5	Our town	08.11.2023	14:50-15:35 II ауысым 2 сабақ	11 STEM	3 «Е»	Жұмжаева Л.
6	Language focus past simple	09.11.2023	14.50-15.35 I ауысым сабақ	84 лингфон	6 «В»	Қантай Ш.
7	Professions	09.11.2023	14:45-15:25 II ауысым 2 сабақ	11 STEM	5«И»	Тұрымбетова А
8	Review unit 3	10.12.2023	11:40-12:25 I ауысым 5 сабақ	84 кабинет	8 «А»	Нуржигитова У.
9	People and professions	13.11.2023	14:50-15:35 II ауысым 1 сабақ	11 STEM	5 «А»	Қорабекова П.
10	Different places	14.11.2023	15:40-16:25 II ауысым 3 сабақ	10 кабинет	2 «Г»	Әбдіханова К.
11	Past Simple: regular and irregular verbs	15.12.2023	16:30-17:15 II ауысым 4 сабақ	11 STEM	6 «Ж»	Нұрақ А.

	Сабақтың тақырыбы	Мерзімі	Уақыты	Кабинет	Сыныбы	Пән мұғалімі
12	Treasure and numbers	21.11.2023	08.15-09.00 I ауысым 1 сабақ	84 лингфон	4«Б»	Жаппарбекова С.
13	National parks	21.11.2023	15:40-16:25 II ауысым 3 сабақ	84 лингфон	6 «Б»	Сейтомарова З.
14	Our planet	22.11.2023	12.30-13.20 I ауысым 6 сабақ	11 STEM	9 «З»	Сейдуалиева Ф.
15	My country, National parks	23.11.2023	14:00-14:45 II ауысым 1 сабақ	11 STEM	6«F»	Темірбекова А
16	At the right time	24.11.2023	09:05-09:50 I ауысым 2 сабақ	11 STEM	3 «Ә»	Шотаева Р.
17	Unit revision	24.11.2023	11:45-12:30 I ауысым 1 сабақ	11 STEM	4 «З»	Ергешова Д.
18	What we value	27.11.2023	14:00-14:45 I ауысым 4 сабақ	84 лингфон	5 «Б»	Момбек Р.
19	People and Professions	28.11.2023	16.30-17.15 II ауысым 4 сабақ	84 кабинет	5 «К»	Балташ А
20	Body language	28.11.2023	11:40-12:30 I ауысым 5 сабақ	11 STEM	4 «Д»	Нұрбекқызы Ұ.
21	Review Unit 3	30.11.2023	08:15-09:00 I ауысым 1 сабақ	84 лингфон	9 «Б»	Кожайсакова М.
22	My country, National parks	30.11.2023	16:30-15:45 II ауысым 4 сабақ	11 STEM	2«З»	Думчебаева Ұ

ӘБ жетекшісі  М.А.Кожайсакова

Анықтама

« №136 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ағылшын тілі әдістемелік пәні бірлестігінің іс-құжаттарын тексеру қорытындысы 2023– 2024 оқу жылы

Ағылшын тілі пәнінің айлық мақсаты гуманитарлық пәндерінде соның ішінде ағылшын тілін үйрену қазіргі заман талабы. Ана тілін балалар ананың әлдінен, бесік ырынан, қоршаған ортасынан елік ету арқылы үйренсе, есейе келе орыс тілі мен ағылшын тілін мектептен, қоғамнан үйренеді. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл ықпалымен бірге өмір сүріп дамиды. Осы орайда оқушылар ағылшын тілін біліп қана қоймай, оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл аударады. Оқушылардың алған білімін одан әрі дамыта отырып, тез ойлауға, шапшандыққа, өздігінен жұмыс жасауға, ойлау логикасына шығармашылық мүмкіндік беруге, өмір бойы оқу мен ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, қоршаған ортаға адамның күнделікті әсерін, азаматтық жауапкершілікті сезіну, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету. Оңкүндіктің мақсаты пән мұғалімдерінің стандартқа сай іс-құжаттарының дұрыс жүргізілуін тексеру.

Мектепшілік жоспарға сәйкес 2021 жылғы № бұйрығы 06.11.2023– 30.11.2023ж күндері аралығында қашықтықтан «*Welcome to the world of English*»

тақырыбында ағылшын тілі әдістемелік пәні бірлестігінің пән апталығы болып өтті.

Апталық барысында ағылшын тілі пәні мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар өткізді. Ашық сабақтар өз ретімен өтілді. Сыныптан тыс іс-шараларды жинақтап айлықтың жабылуы өз дәрежесінде өткізілді. Тексеру барысу төмендегідей нәтиже көрсетті.





06.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі ШыңдалыЖанар 10 «Б» сыныбымен «Discussing the differences between organic and non -organic foods» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды.Көрнекілік мол. Сабақта интерактивті тақтада видео материал көрсетілді, оқушылар суреттермен жұмыс жасады, оқушылар белсенді, сұрақтар қойып, өз ойларын ашық және еркін жеткізді, ойындар ойналды сабақты өте тартымды аяқтады. Сабақта жаңа технологиялық әдіс тәсілдер кеңінен қолданылды. Ұсыныс: Бағалау әдістерін тиімді қолдану керектігі мұғалімге ескертілді.

06.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Лесбаева Луиза 10 «Г» сыныбымен «Organic and non organic world» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды.Мұғалім мен оқушы арасында байланыс болып ,сабақ тартымды,қызықты өтті. Көрнекілік мол.Мұғалім мен оқушылар арасында байланыс бар.

07.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Әлімхан Лаура 8«Г» сыныбымен «Present Perfect and Past Simple» атты ашық сабақты өтті. Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдалана отырып, грамматикалық жаттығулар, ойындар, текстпен жұмыс жүргізді. Сабақты қызықты да, тартымды өтті. Оқушылар сабаққа қызығып, белсенді қатысып отырды.

07.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Абеданова Гулшат 5 «Г» сыныбымен «People and Professions» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды.Сабақта қолданылған әдістер сабақ мақсатына сай жасалынған. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын аша отырып сабақты бір-біріне тілек айтқыза отырып, көңіл күйде бастады. Үй тапсырмасын оқушылардың бір-біріне сұрақтар қоюымен тексерілді. Жаңа сабақ проблемалық сұрақтар қойып, суреттер бере отырып , слайд көмегімен жалпы мағанасын ашып берді, бірнеше тері ауруларын топтарға тастап, оқушылар одан сақталу жолдары мен емделу жолдарын сипаттады,оқушылар белсенді болды, топаралық сұрақтар қойылды.

08.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Жұмжаева Лаура 3«Е» сыныбымен «Our town» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы, сабақ қарапайым орта дәрежеде өтілді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі жақсы бірақ олардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамытуда көп жұмыс жасау қажет.

Ұсыныс: Мұғалімге мақсатқа сай әдіспен бағалау керектігі айтылды.

09.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Қантай Шолпан 6«В» сыныбымен «Language focus past simple» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды.Оқушылар сабақта әр түрлі

тапсырмаларды орындап, өз пікірлерін айта білді. Әр тапсырмада оқушыларды бағалап отырды.

09.12.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Тұрымбетова Альфия 5«И» сыныбымен «Professions» атты ашық сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы, сабақ қарапайым орта дәрежеде өтілді. Сабақта интерактивті тақтада видео материал көрсетілді, оқушылар суреттермен жұмыс жасады, оқушылар белсенді, сұрақтар қойып, өз ойларын ашық және еркін жеткізді, ойындар ойналды сабақты өте тартымды аяқтады. Сабақта жаңа технологиялық әдіс тәсілдер кеңінен қолданылды.

Мұғалім өзі көп ізденуі керек.

10.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Нуржигитова Улжан 8«А» сыныбымен «Review unit 3» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс болып, сабақ тартымды, қызықты өтті. Көрнекілік мол. Мұғалім мен оқушылар арасында байланыс бар.

13.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Қорабекова Париза 5«А» сыныбымен «People and professions» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі жақсы және олардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамытуда көп жұмыс жасау қажет, бірақ мұғалімде ізденіс бар.

14.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Әбдіханова К. 2 «Г» сыныбымен «Different places» атты ашық сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы, сабақ қарапайым орта дәрежеде өтілді. Сабақта интерактивті тақтада видео материал көрсетілді, оқушылар суреттермен жұмыс жасады, оқушылар белсенді, сұрақтар қойып, өз ойларын ашық және еркін жеткізді, ойындар ойналды сабақты өте тартымды аяқтады. Сабақта жаңа технологиялық әдіс тәсілдер кеңінен қолданылды.

Мұғалім өзі көп ізденуі керек

15.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Нұрақ Ақерке 6 «ж» сыныбымен «Past Simple: regular and irregular verbs» атты ашық сабақты өтті. Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдалана отырып, грамматикалық жаттығулар, ойындар, текстпен жұмыс жүргізді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі жақсы бірақ олардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамытуда көп жұмыс жасау қажет.

21.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Жаппарбекова Сандуғаш 4 «Б» сыныбымен «Treasure and numbers» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды. Оқушылар сабақта әр түрлі тапсырмаларды орындап, өз пікірлерін айта білді. оқушы оқушыны тексеру, топ басшысының алғырлығын тексеру бағалау әдістерін пайдалана отырып, алған білімдерін нақтылады. Сергіту сәтінде элементтер жайында музыка қойылып, биледі. Сабақты бекіту «Жинақтау кестесі» толтыру арқылы өтті. Сабақта интерактивті тақтада видео материал көрсетілді, оқушылар суреттермен жұмыс жасады, оқушылар белсенді, сұрақтар қойып, өз ойларын ашық және еркін жеткізді, ойындар ойналды сабақты өте тартымды аяқтады. Сабақта жаңа технологиялық әдіс тәсілдер кеңінен қолданылды.

21.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Сейтомарова Зада 6«Б» сыныбымен «National parks» атты ашық сабақты өтті. Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдалана отырып, грамматикалық жаттығулар, ойындар, текстпен жұмыс жүргізді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі жақсы бірақ олардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамытуда көп жұмыс жасау қажет.

22.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Сейдуалиева Фариза 9 «З» сыныбымен «Our planet» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен

белсенділігі жоғары болды. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс болып, сабақ тартымды, қызықты өтті. Әр тапсырмаларда мұғалім оқушыларды бағалап отырды. 23.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Темирбекова Айнур 6«F» сыныбымен «My country, National parks» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс болып, сабақ тартымды, қызықты өтті. Үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары оқушылармен жұмыс жоспары жасалынып бекітілген, журналдары арналған, жұмыс дәптерлері арналған.

24.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Шотаева Рабиға 3«Ә» сыныбымен «At the right time» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы, сабақ қарапайым орта дәрежеде өтілді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі жақсы бірақ олардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамытуда көп жұмыс жасау қажет.

Ұсыныс: Мұғалімге мақсатқа сай әдіспен бағалау керектігі айтылды.

24.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Ергешева Динара 4 «З» сыныбымен «Unit revision» атты ашық сабақты өтті. Биылғы сабағы былтырғыға қарағанда жақсы өтті. Сабақ орташа деңгейде өтілді. Сабақ кезінде түрлі әдіс-тәсілдерді қолданды, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы деңгейде болды.

27.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Момбек Раушан 5«Б» сыныбымен «What we value» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс болып, сабақ тартымды, қызықты өтті. Үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары оқушылармен жұмыс жоспары жасалынып бекітілген, журналдары арналған, жұмыс дәптерлері арналған.

Ұсыныс: Мұғалімге уақытты тиімді қолдану керектігі керектігі айтылды.

28.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Балташ Акерке 5 «К» сыныбымен «People and Professions» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы, сабақ қарапайым орта дәрежеде өтілді.

28.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Нұрбекқызы Ұлбосын 4 «Д» сыныбымен «Body language» атты ашық сабақты өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары болды. Оқушылар сабақта әр түрлі тапсырмаларды орындап, өз пікірлерін айта білді. Әр тапсырмада оқушыларды бағалап отырды. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын аша отырып сабақты бір-біріне тілек айтқыза отырып, көңіл күйде бастады. Үй тапсырмасын оқушылардың бір-біріне сұрақтар қоюымен тексерілді. Жаңа сабақ проблемалық сұрақтар қойып, суреттер бере отырып, слайд көмегімен жалпы мағанасын ашып берді, бірнеше тері ауруларын топтарға тастап, оқушылар одан сақталу жолдары мен емделу жолдарын сипаттады, оқушылар белсенді болды, топаралық сұрақтар қойылды.

30.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Қожайсакова Маржан 9 «Б» сыныбымен «Review. Unit 3» атты ашық сабақ өтті. Сабақ өз деңгейінде өтіліп, жақсы деп бағаланды. Және жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, сабақты қызық әрі тартымды өтті. Оқушылар ауызбіршілікпен жаңа топқа үйреніп, топтың атың сайлайды және топтың басшысын сайлап, өзін таныстырды. Топбасшылары бір-біріне бүгінгі сабаққа сәттілік тіледі. Бастысы, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғары. 30.11.2023ж. күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Думчебаева Улжан 2 «З» сыныбымен «My country, National parks» атты ашық сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы, сабақ қарапайым орта дәрежеде өтілді. Сабақта интерактивті

тақтада видео материал көрсетілді, оқушылар суреттермен жұмыс жасады, оқушылар белсенді, сұрақтар қойып, өз ойларын ашық және еркін жеткізді, ойындар ойналды сабақты өте тартымды аяқтады. Сабақта жаңа технологиялық әдіс тәсілдер кеңінен қолданылды.

Мұғалім өзі көп ізденуі керек.

I тоқсандық ТЖБ, БЖБ және зертханалық, сарамандық жұмыстарының оқу бағдарламасына сәйкес орындалуы. I тоқсандық ТЖБ,БЖБ қорытындысы. Модерация жұмысы. Алғашқы мәселе бойынша оқушылардың ағылшын тілі пәні бойынша I тоқсандағы үлгерім қорытындысы туралы ӘБ жетекшісі сөз алып, мынадай көрсеткіш көрсеткендері туралы

Келесі мәселе бойынша пән мұғалімдері үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары оқушылармен жүргізілетін жұмыстарына тоқталды. Бізге мәлім, әр сыныптағы балалардың жас шамасы қатар болса да, түсінуі, құбылысты қабылдау қабілеттері әр түрлі. Мысалы:

Сыныптар	3	4	2-4	5	6	7	8	9	5-9	10	11	10-11	Жалпы
Оқушы саны	189	231	635	207	153	150	121	126	757	45	48	93	1485
“5”	4	11	42	26	6	23	14	12	81	6	7	13	136
“4”	61	74	195	56	51	37	30	36	210	10	12	22	427
“3”	124	146	398	125	96	90	77	78	466	29	29	58	922
“2”	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Бағаланбаған	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Үлгерім пайызы	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Білім сапасы	49,4	48,8	47	49,6	47,5	50,0	57,0	48,1	48,5	46,5	49,5	48,0	48,0
Орта балы	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5

біреуі сыпайы, тәртіпті, тіл алғыш, сезімтал, бір нәрсені тез меңгеріп кете алса, енді біреуі жалқау болып келеді. Өйткені олар әр отбасыдан, түрлі дайындықпен келеді. Соның нәтижесінде әр сыныпта аз да болса (білім дәрежесі төмен) сабаққа ынтасы төмен, үлгермейтін оқушылар кездеседі. Мұндай оқушыларды толық үлгерімге жеткізу-мұғалімнің қиын да абыройлы міндеті. Бұл міндетті орындау үшін біріншіден, оқу сапасын арттырып, теория мен практиканы ұштастыра отырып, әр уақытта газет-журналдарда жарияланған методикалық жаңалықтарды, озат тәжірибелі, жаңашылдар әдісін сабақтарда мүмкіндігінше пайдалану керектігі айтылды. Сабақ үстінде үлгерімі төмен оқушылардан жиі-жиі сұрау, сабақта жолдастарының берген жауаптарын жиі қайталатып, өз қателерін түзеттіру, сол пәнді өте жақсы білетін жолдастарының көмегін ұйымдастыру, жеңілдетілген тапсырмалары бар кеспелер, қызықты тапсырмалар беріп, көбірек іске тартып белсенділіктерін арттыру сияқты жұмыстарды үзбей жүргізіп отыру үлгерімі төмен оқушыларды қатарға қосуға және олардың тиянақты білім алуына жәрдемдесетінін алға тартты ӘБ жетекшісі өз сөзінде сөйледі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз кезегін директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Бозшабаева алып, мектепте 4-9 сынып мониторингіне (ББЖМ) дайындығына тоқталды. Ол өз сөзінде негізгі пәндер бойынша қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, математика, география, информатика, химия, физика пәндері 4-9 сынып оқушыларының жетістіктеріне мониторинг жүргізуге дайындалудың жоспарын құру, бекіттіру керектігін айтты. Ал пәндер бойынша сыныптан тыс дайындық кестесі жасалды және 4-9 сынып оқушыларының мәліметтерін жинақтау керектігі айтылды. Сонымен бірге 4-9 сынып жетекшілеріне ББЖМ -ны өткізуге байланысты ақпараттандыру жұмысын ұйымдастыру және ББЖМ-ны нұсқаулығымен таныстыру (ата-аналар жиналысы, сынып жиналыстарын) өткізуі айтылды. Әр тоқсанда пән мұғалімдері мен сынып жетекшілер тест алуға кестелер жасалатыны айтылды. Мектепшілік дайындық байқау сынақтарын өткізу, оларға талдау жасау, кемшіліктерін түзу әр тоқсанда орындалып, нәтижесін алып отыру керектігін айтты. Сонымен қатар мектеп психологы психологиялық тренинг жүргізіп отыратындығы да айтылды. Апта сайын байқау сынақтарының мониторингі жасалу керектігі айтылды.

Оқушылардың қалалық, республикалық ЖББП олимпиадасына және ғылыми жоба байқауына дайындық жұмыстарының нәтижесі. Дарынды оқушылармен жұмыс.

Ағылшын тілі пәні бойынша шығармашылықпен жұмыс істейтін талантты оқушыларды анықтау, оқушылардың шығармашылық ізденіске деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізіледі. Сонымен бірге ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы құрылды. Мектепшілік олимпиадаға төмендегі оқушылар тізімі жинақталып, жасалды. Мектепшілік олимпиада тапсырмалары бойынша 20 сұрақтық тест тапсырмасын орындады. Әр дұрыс жауап бір ұпай балмен есептелініп, тапсырманы бағалаудың негізгі критерийлері тағайындалды. Келесі кезекте ӘБ жетекшісі М.Кожайсакова ағылшын тілі пәні бойынша мектепшілік олимпиададан жоғары көрсеткіш көрсетіп, олимпиадаға қатысқан оқушылардың тест нәтижелерін қарай келіп, төмендегідей оқушыларға мынадай орын тағайындады.

5-11 сынып оқушыларына арналған мектепшілік олимпиадасының мектепшілік кезеңінде жүлделі ІІ орын алған 11 А сынып оқушысы Тұрдалы Гулсезім, 7 Г сынып оқушысы Токтамысова Б, 6 Е сынып оқушысы Рахат Сезім, ІІІ орын алған 7 Ж сынып оқушысы Болатбек Аянат мектепшілік мақтау қағазына ұсынылды.

Дарын орталығы ұйымдастырған оқушылар арасында «Жалпы білім беретін пәндер бойынша» олимпиаданың І кезеңіне оқушылар қатыстырылды. Олимпиада онлайн форматында өткізіледі. Нәтижесінде 7 сынып оқушысы Сламбек Таңшолпан, жетекшісі Нұрақ Акерке, 8 сынып оқушысы Назарова Акерке, жетекшісі Ергешова Динара қатысып, келесі кезеңге жолданды. Сонымен бірге 5-6 сыныптар арасында мектепшілік олимпиада өткізіліп келесі кезеңге 5 сыныптар арасында, 5 сынып оқушысы Махсұтбек Айнамкөз, жетекшісі Нұрақ Акерке қатастырылып келесі кезеңге жолдама алды. 9-11 сыныптар арасында болған олимпиадаға 11 сынып оқушысы Тұрдалы Гулсезім жетекшісі Кожайсакова Маржан келесі кезеңге жолдама алды.

Келесі мәселі бойынша ХІХ республикалық «Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары конкурсының қалалық кезеңіне 10 А сынып оқушысы Болат Айдана, жетекшісі Жаппарбекова Сандұғаш қатыстырылып келесі кезеңге жолдама алды. Мұғалімдердің шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын теория жүзінде айтты, бірлестік мұғалімдерінің сұранысы бойынша бірнеше сараптау материалдарын жинақтап, талдау жүргізіліп, нәтижесі екінші тоқсанда

салыстырмалы диаграммамен көрсету керектігі ескертілді. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстардың есебін бөлім бойынша жүргізіліп жатқан қалыптастырушы және жинақтаушы тапсырмалар нәтижесінде 7,8 сыныптарда өте төмен баға алатын оқушылардың алға ұмтылып тапсырмаларды орындайтындығы байқалғаны жөнінде осы сыныптарға сабақ беретін мұғалімдердің ауызша есебінен көрінді.

ӘБ жетекшісі *Кож* М.Кожайсакова